#25
(1039)
30 қазан
2026 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТІ

ISSN 2074-293X

@jasqazaqnews vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ jasqazaq.kz jasqazaqkz



«ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ҚАНШАЛЫҚТЫ КҮРДЕЛІ, ҚИЫН, ТІПТІ ҚАУІП-ҚАТЕРГЕ ТОЛЫ БОЛСА ДА, БІЗДІҢ МАҚСАТ-МҰРАТЫМЫЗ ӨЗГЕРМЕЙДІ. БҰЛ – ЖАҢА ТҰРПАТТЫ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ, ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУ ЖОЛЫНАН АЙНЫМАУ. СОНДЫҚТАН МЕН КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ АУҚЫМДЫ ҚҰРЫЛЫС ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАУДЫ ҰСЫНАМЫН».

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
«ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНАН

БӘРІНЕ ОРТАҚ **ЖУРНАЛИСТИКА**

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ЖАЗИРА МҮЛКІБЕКОВА «ЖЫЛЫ ҰЯ» РЕАБИЛИТАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫНА БАРЫП, СҰХБАТ ДАЙЫНДАДЫ.

«ЖЫЛЫ ҰЯ» ЗАҒИП ЖАНДАРДЫ ЖАҢА ӨМІРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

«ЖЫЛЫ ҰЯ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ АРАБ ТІЛДЕРІНІҢ ОҚЫТУШЫСЫ, РЕАБИЛИТОЛОГ МАМАН БОЛЫП ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ГҮЛМИРА АНАЯТОВАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ЕРЕСЕК ШАҒЫНДА КӨРУ ҚАБІЛЕТІНЕН АЙРЫЛҒАН ЖАНДАР ҮШІН ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚТАЙ. ГҮЛМИРАНЫҢ ӨЗІ ДЕ ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙДЫ БАСТАН ӨТКЕРГЕН. БҮГІНДЕ ОЛ ӨЗГЕЛЕРГЕ БЕЛСЕНДІ ӨМІРГЕ ҚАЙТА ОРАЛУҒА, ДЕРБЕСТІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМНАН ӨЗ ОРНЫН ТАБУҒА КӨМЕКТЕСІП ЖҮР.

– Гүлмира, «Жылы ұя» оңалту орталығында қанша уақыттан бері жұмыс істейсіз?

– Биыл осында келгеніме төрт жыл болады. Жол-көлік оқиғасынан кейін мүлде көрмей қалдым. Содан бері жеті жыл өтіпті. «Жылы ұя» оңалту орталығына құрбым алып келді.

Әрине, жақындарымыз бізді жақсы көреді, қамқор болады, жағдайымызды жасауға тырысады. Дегенмен үйреншікті ортадан шығып, кәсіби оңалтудан өту де өте маңызды. Менің оңалу жолым дәл осы жерден басталды. Мұны екінші өмірім деп айта аламын. Оңалту курсынан өткен соң «Жылы ұя» орталығында жұмысқа қалдым. Қазір өзім сияқты ересек шағында көру қабілетінен айырылған адамдарға көмектесіп жүрмін.

– Ересек шағында көру қабілетінен айырылған адамдар сіздерге жиі келе ме?

– Өкінішке қарай, қазір ондай адамдар өте көп. Бұрын олардың саны соншалықты көп деп ойламаппын. Орталыққа күн сайын көру қабілетінен айырылған адамдар келеді.

Адам көзі көрмей қалғанда үйреншікті тірлігінен, аяқ астындағы тірегінен айырылғандай күй кешуі мүмкін. Сондықтан тек дене тұрғысынан ғана емес, психологиялық оңалтудан да өту маңызды.

«Жылы ұя» орталығы медициналық оңалту мекемесі емес, әлеуметтік оңалту орталығы. Біздің міндетіміз – адамның қоғамға қайта араласуына, дербес өмір сүруіне және алдағы өмір жолын табуына көмектесу.

Өз басым әрбір нәтижеге қуанамын. Кейде кеңістікте өз бетінше бағдарлауды үйрену сияқты шағын ғана қадамның өзі үлкен жетістікке айналады.



Фото: «Жылы ұя» оңалту орталығының Facebook парақшасынан

Бізде мұндай оқиғалар көп. Мысалы, жақында жасы қырыққа таяған бір азамат көзі көрмей қалған соң орталыққа келді. Алғашында тек анасымен бірге жүретін. Оңалтудан өткен соң жұмысқа орналасып, қоғамға жақсы бейімделіп келеді.

Адамдардың біреудің жетегінсіз, өз бетімен жүре бастауы ерекше қуантады. Бұл олардың өзіне сенімді бола түскенін және жақындарының тұрақты көмегіне бұрынғыдай мұқтаж емес екенін білдіреді.

– Орталыққа кімдер көбірек келеді: балалар ма, әлде ересектер ме?

– Оңалтуға негізінен ересектер келеді. Балаларға арналған арнайы мекемелер мен мектептер бар. Ал шет тілдері сабақтарына балалар да, ересектер де қатысады.

– Қалай ойлайсыз, көру қабілетінен айырылған адаммен ғана емес, оның жақындарымен де жұмыс істеу шығар?

– Міндетті түрде. Бұл өте маңызды. Бірге тұратын және оған еріп жүретін жандармен жұмыс істеу қажет. Ол анасы, жұбайы немесе ересек балалары болуы мүмкін. Өйткені қасындағы адамның қолдауы көп нәрсеге әсер етеді. Кейде шектен тыс қамқорлық адамның дербестікке үйренуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан туыстарына жақын адамына қалай дұрыс қолдау көрсетіп, сонымен бірге оның өз бетімен үйренуіне, әрекет етуіне және шешім қабылдауына мүмкіндік беру керегін түсіндіру қажет.

– Жұмысыңызға жігер беретін не нәрсе деп ойлайсыз?

– Адамдардың алғысы мен олардың жетістіктерін көру мен үшін өте маңызды. Адам өзінің мүмкіндігі бар екенін, оқи алатынын, жұмыс істей алатынын, адамдармен араласып, күнделікті шаруаларын өз бетімен атқара алатынын түсінсе – бұл үлкен жетістік. Көру қабілетінен ересек шағында айрылған жандар үшін бұл жаңа өмірге аяқ басумен пара-пар.

Маған көмектескен маманды да ерекше атап өткім келеді. Осы орталықта мені Мариям Рузахуновна Иминова оңалтудан өткізді. Бірнеше жыл бұрын осында қандай күйде келгенімді және қазір қандай болғанымды еске алсам, оның қаншама үлкен жұмыс атқарғанын түсінемін.

– «Үй шаруасын жүргізу» жобасы туралы айтып берсеңіз. Қатысушыларға нені үйретесіздер?

– «Үй шаруасын жүргізу» жобасына ең алдымен 15–16 жастан асқан жастарды шақырамыз. Мақсатымыз – олардың күнделікті тұрмыста және ас үйде өздерін сенімді сезінуіне көмектесу.

Көру қабілетінен жақында айырылған адамға пияз аршу, азық-түлікті тарау немесе тамақ дайындау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі мүмкін еместей көрінуі мүмкін. Бірақ уақыт өте келе мұның бәрін жасауға болатынын түсінеді.

Біз қарапайым бірінші және екінші тағамдарды, тәттілерді әзірлеуді үйренеміз. Қатысушыларға еңсерілмейтін кедергілер жоқ екенін көрсеткіміз келеді. Олар өз бетімен тамақ дайындап, жақындарын қуанта алады әрі болашақта толыққанды, дербес өмір сүре алады.

– Өзіңіз жұмыс істеген жылдары қызықты оқиғалар көп болған шығар?

– Ондай оқиғалар өте көп. Мысалы, бір жас жігіт бізге әйелімен және екі баласымен келді. Көру қабілетінен айрылғаннан кейін үш жылдай үйінен шықпаған екен. Орталықта оңалтудан өтті, соның ішінде кеңістікте бағдарлауды үйренді. Одан кейін білімін жалғастыруды ұйғарды. Қазір РМК-ға оқуға түсті. Болашақта массажист болып жұмыс істегісі келеді.

Мен оған: «Қыздарыңызға үлгі боласыз» дедім. Оның екі қызы бар. Әкелерінің мойымай, дамуын жалғастырып келе жатқанын көру олар үшін өте маңызды деп ойлаймын.

Өзі бұрын «мен сияқты көзі көрмейтін адам жалғыз мен шығармын» деп ойлағанын айтты. Орталыққа келіп, өзге адамдарды көрген соң, өмір жалғасатынын, оқуға, жұмыс істеуге және дамуға болатынын түсінген.

– Демек сіз сондай түңілген жандарға мотивация бересіз ғой?

– Адамдардың қоғамға араласып, өз өміріне өздері жауап беруді үйренуіне көмектесуге тырысамын. Әлі есімде, бір жас қыз оңалтудың алғашқы күндері анасына еріп келетін. «Анамсыз келмеймін» дейтін. Біз оның дербестігін біртіндеп дамыта бастадық. Жақында ол осы жайлы өзі күліп отырып айтып берді. Қазір әр түрлі орталықтарға өз бетімен барады, көптеген байқаулар мен іс-шараларға қатысады, университетте оқиды. Араласып, бірге қыдыратын достары да пайда болды. Бұл – үлкен жетістік.

Әрине, ең алдымен, бұл өз еңбегі. Біз бағыт-бағдар беріп, қолдап, жол көрсете аламыз. Бірақ адам шешімді өзі қабылдап, алға қарай қадам жасауы керек. Реабилитолог мамандардың міндеті – оның өзіне сенуіне және батыл қадам жасауына көмектесу.

– Орталықта қалуыңыздың себебі де осы шығар?

– Жұмысым маған өте ұнайды. Адамдарға көмектескенді жақсы көремін және жұмыста өткізген әр күнімге қуанамын. Біреуге ақыл-кеңесіммен, жөн сілтеуіммен немесе жай ғана қолдау көрсетуіммен көмектесе алсам, бұл мен үшін үлкен қуаныш.

Кезінде жол-көлік апатынан аман қалдым. Қазір ойласам, менің миссиям әлі аяқталған жоқ сияқты. Бәлкім, осы сынақтан өтуімнің себебі – бүгін басқа адамдарға көмектесуім үшін шығар.


– Аяқ астынан көру қабілетінен айрылып, әзірге үйден шығуға қорқып жүрген адамдарға не тілер едіңіз?

– Оларға өмір аяқталды деп ойламаңыздар дегім келеді. Әр адамның мүмкіндігі бар, тек кейде сол мүмкіндіктерді көру үшін қолдау қажет болады.

Оқуға, жұмыс істеуге, адамдармен араласуға, сүйікті ісіңмен айналысуға болады. Ең бастысы – алғашқы қадамды жасау.

Туыстарына да өз бетінше жіберуге қорықпауды тілеймін. Қолдау көрсету дегеніміз – адамның орнына бәрін істеп беру емес. Кейде ең үлкен көмек – оның өз бетімен байқап көруіне мүмкіндік беру.

Жазира МҰЛКІБЕКОВА




БӘРІНЕ ОРТАҚ **ЖУРНАЛИСТИКА**

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ӘЛІБЕК ТОҚАБАЕВ ГҮЛХАЯ ЖУАШБАЕВАМЕН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ ТУРАЛЫ СҰХБАТТАСТЫ.

ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: МҮМКІНДІК, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАР



БІЛІМ АЛУ ӘР АДАМҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС. АЛАЙДА АДАМ БІЛІМ АЛЫП, ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРІП, КӘСІБИ МАНСАБЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒЫСЫ КЕЛГЕНІМЕН, ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА АЛМАСА, НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК? ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШЫП ОТЫР. ДЕГЕНМЕН КӨЗІ КӨРМЕЙТІН АДАМДАР ӘЛІ ДЕ ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ КЕДЕРГІЛЕРГЕ ТАП БОЛАДЫ. БІЛІМДІ БАРШАҒА ҚАЛАЙ ШЫН МӘНІНДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУГЕ БОЛАДЫ? ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ МАМАНЫ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ КЕҢІСТІГІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН, КӨЗІ КӨРМЕЙТІН АДАМДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕТІН ГҮЛХАЯ ЖУАШБАЕВАМЕН СҰХБАТТАСАМЫЗ.

– Гүлхая, бүгінгі күні де көзі көрмейтін адам үшін білімге қол жеткізу неліктен күрделі сынаққа айналуы мүмкін?

– Оқу материалын ұсынудың өзі жеткіліксіз, ең бастысы – оны адамның өз бетінше пайдалана алуы. Кейбір PDF құжаттарын экраннан оқу бағдарламалары дұрыс тани алмайды. Соның салдарынан тапсырмаларды оқу, қажетті ақпаратты іздеу және оқу үдерісіне толыққанды қатысу қиындық туғызады.

Қазіргі кітапхана – тек кітап алатын орын ғана емес, сонымен қатар білім алуға және қолдау көрсетуге арналған кеңістік. Мен Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің инклюзивті кеңістігінде жұмыс істеймін. Көзі көрмейтін адамдармен сабақ өткізіп, оларға электрондық ресурстарды, смартфондарды және NVDA мен JAWS экраннан оқу бағдарламаларын пайдалануды үйретемін. Біздің мақсатымыз – әр адамның өз бетінше әрекет ету дағдысын қалыптастырып, тәуелсіздігін арттыруға көмектесу.

– Сізге көбіне қандай мәселелер бойынша жүгінеді?

– Көбіне адамдарға Moodle және Platonus білім беру платформаларымен жұмыс істеу, оқу әдебиеттерін іздеу және экраннан оқу бағдарламаларын баптау бойынша көмек қажет болады. Кейде студентке платформада өз бетінше бағдар табуды үйрету немесе оқу құжатын оқудың тиімді жолын көрсету керек.

Біз Moodle және Platonus платформаларын пайдалануда қиындықтарға тап болған студенттерге көмектестік. Оларға экраннан оқу бағдарламаларын баптау, платформаларда навигация жасау және оқу әдебиеттерін іздеу бойынша кеңес бердік. Мысалы, NVDA бағдарламасы құжаттағы мәтінді тани алмаса, мәтінді тануға арналған OCR технологияларын қолдануға болады. Мұндай қолдау студенттерге тапсырмаларды сенімді орындауға және өз бетінше білім алуына мүмкіндік береді.

– Ірі қалалардан шалғайда тұратын адамдарға да осындай қолдау көрсетуге бола ма?

– Әрине. Қашықтан қолдау көрсету шалғай аудандарда тұратын адамдарға кеңес алуға, цифрлық ресурстарды меңгеруге және оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді. Бізге Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен адамдар хабарласып, көмек сұрады. Қолдау алу мүмкіндігі адамның қай жерде тұратынына байланысты болмауы керек.

– Инклюзивті білім беруді қолжетімді ету үшін нені өзгерту қажет?

– Электрондық материалдар мен білім беру платформаларын бейімдеу, педагогтерге цифрлық қолжетімділік қағидаттарын үйрету және кітапханалардың білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығын нығайту қажет. Сондай-ақ ассистивті технологияларда қазақ тілінің қолдауын дамыту маңызды.

Инклюзивті білім беру – оқу орнына түсу мүмкіндігімен ғана шектелмейді. Ол ақпаратты өз бетінше алу, тапсырмаларды орындау және кәсіби тұрғыдан даму мүмкіндігін де қамтиды. Көру қабілетінің бұзылуы адамды білім алу құқығынан айырмауы тиіс. Ол үшін қолжетімді технологиялар, білікті мамандар және әр адамның нақты қажеттіліктерін ескеретін қолдау қажет.

Сұхбаттасқан
Әлібек
ТОҚАБАЕВ
Суреттерді ұсынған автор



БӘРІНЕ ОРТАҚ **ЖУРНАЛИСТИКА**

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ЗАХРА МАХАНОВА ТАНЫМАЛ АКТЕР БАҚТИЯР ҚОЖАМЕН СҰХБАТ ҚҰРДЫ.

БАҚТИЯР ҚОЖА: «ӨНЕРДЕ ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМДЫҚ ҚАСИЕТІҢДІ ЖОҒАЛТПАУ»



ҚАЗАҚ ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО ӨНЕРІНЕ БІРНЕШЕ ОН ЖЫЛДЫҚ ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН БАҚТИЯР ҚОЖА – КӨРЕРМЕНГЕ САН АЛУАН БЕЙНЕСІМЕН ТАНЫЛҒАН АКТЕР. МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА ҰЗАҚ ЖЫЛДАР ЕҢБЕК ЕТІП, ЖҮЗДЕН АСТАМ РӨЛДІ СОМДАҒАН ӨНЕР ИЕСІ КИНО САЛАСЫНДА ДА ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ.

«JAS QAZAQ» БАСЫЛЫМЫНА БЕРГЕН СҰХБАТЫНДА БАҚТИЯР ҚОЖА ӨНЕР ЖОЛЫНА ҚАЛАЙ КЕЛГЕНІ, ТЕАТР МЕН КИНОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ, АКТЕР ҮШІН МАҢЫЗДЫ АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМДАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАҒЫ ТАҢДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАС АКТЕРЛЕРГЕ БЕРЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕДІ.

– Бақтияр аға, ең алдымен өзіңізді оқырманға жақынырақ таныстырып өтсеңіз. Сізді көрермен кино мен театр сахнасынан жақсы біледі. Өнер жолына қалай келдіңіз?

– Мен 1957 жылы Өзбекстанда дүниеге келдім. Өнерге бала кезімнен қызықтым. Т. Жүргенов атындағы Қазақ өнер институтына түскенге дейін эстрадалық миниатюра театрында өнер көрсеттім. Сол орта менің актер ретінде қалыптасуыма көп әсер етті.

1979-1981 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышымды өтедім. Әскерден кейін өнерге қайта оралдым. 1981 жылдан бастап Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қызмет етіп келемін.

– Театрда отыз жылдан астам уақыт еңбек етіп, жүзден аса рөл сомдаған екенсіз. Бұл – үлкен шығармашылық жол. Сіз үшін театрдың орны қандай?

– Театр – менің өмірім. Сахнаға шыққан сайын актер өзімен бірге белгілі бір жауапкершілікті алып шығады. Әр рөлдің өз мінезі, өз тағдыры бар. Бір рөлден екіншісіне ауысқан сайын өзің де өзгере түсесің.

Жүзден астам кейіпкерді сомдау – жай ғана сан емес. Оның әрқайсысы менің өмірімнің бір бөлшегіне айналды.

– Кино саласында да есте қаларлық рөлдеріңіз көп. «Сталинге сыйлық», «Қызғылт қоян туралы хикая», «Қайрат – чемпион», «Тонаушылар олимпиадасы», «Екі қару. Қолға түспейтін ғаyһар тас», «Махаббат. Үміт. Астана» сияқты фильмдерде көріндіңіз. Кино мен театрдың айырмашылығы неде?

– Театрда актер көрерменнің көз алдында өмір сүреді. Бір сәттік қателігіңді қайта түзетуге мүмкіндік жоқ. Ал кинода камераның алдында ойнайсың. Бірақ екеуіне де ортақ бір нәрсе бар – шынайылық.

Көрерменді алдай алмайсың. Егер кейіпкердің ішкі дүниесін өзің сезінбесең, оны көрермен де сезбейді.

– Сізді түрлі жанрдағы фильмдерден көреміз. Әзіл де, салмақты драмалық образдар да бар. Актер үшін рөл таңдаудың өз қиындығы бар шығар?

– Әрине. Кейде актерге күтпеген ұсыныстар түседі. Оның ішінде өзің үшін ыңғайсыз, тіпті отбасың мен жақындарыңды ойландыратын рөлдер де болуы мүмкін.

– Осы орайда бір сұрақ. Бір сұхбатыңызда өзіңізді қатты састырған бір жағдай туралы айтыпсыз. Сізді интимдік сахнасы бар рөлге шақырған екен...

– Иә, сондай ұсыныс болды. Махаббат сахнасы бар екен. Тіпті онда толық шешінуге тура келетін еді. Қомақты ақша ұсынды. Басында келісуге бейім болдым. Өйткені актер үшін жақсы рөл де, жақсы гонорар да маңызды.

Бірақ кейін ойланып қалдым. Балаларым, немерелерім, туыстарым, құдаларым көз алдыма келді. «Осыны олар көргенде қалай болады?» деген ой мазалады. Сөйтіп, ол рөлден бас тарттым.

– Демек кейде актер үшін ақша мен шығармашылық қызығушылықтан да маңызды нәрселер болады ғой?

– Әрине. Адамның өзінің ұстанымы болуы керек. Өнер деген – бәріне келісе беру емес. Кейде «жоқ» деп айта білу де өнер адамының жауапкершілігі.

Мен өз таңдауымды өкінбеймін. Себебі актер сахнада немесе экранда ғана емес, өмірде де адам болып қалуы керек.

– Өте жақсы айттыңыз. Ал сіз үшін актердің ең басты қасиеті қандай?

– Адалдық. Өзіңе де, көрерменге де адал болу керек. Сосын еңбек. Таланттың өзі еңбек болмаса, алысқа апармайды.

– Сіз Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерісіз, Құрмет орденінің иегерісіз. Осындай марапаттар сіз үшін қаншалықты маңызды?

– Марапат – еңбегіңнің бағаланғаны. Әрине, қуантатыны рас. Бірақ актер үшін ең үлкен марапат – көрерменнің ықыласы. Театрдан шыққаннан кейін бір көрермен келіп: «Аға, бүгінгі рөліңіз маған қатты әсер етті» десе, одан артық не керек?

– Өнерде ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келесіз. Қазіргі жас актерлерге не айтар едіңіз?

– Ең алдымен, өнерге жеңіл қарамау керек. Танымал болуды емес, жақсы актер болуды мақсат еткен дұрыс. Өнерде бір күнде жұлдыз болуға болады, бірақ сол биікте ұзақ қалу үшін білім, еңбек, тәртіп және адамдық қасиет керек.

– Бақтияр аға, сіздің әңгімеңізден бір нәрсе анық сезіледі: сіз үшін актерлік мамандық – жай кәсіп емес, өмір салты.

– Иә, солай деуге болады. Мен сахнаға шыққанда өзімді өз үйімдегідей сезінемін. Өнер жолында талай нәрсе көрдік. Бірақ ең бастысы – қандай жағдай болса да, өз болмысыңды жоғалтпау.

– Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық жолыңыз ұзақ болып, көрерменге әлі талай тамаша образ сыйлай беріңіз.

– Рақмет. Сізге де шығармашылық табыс тілеймін. Еңбегіңіз жана берсін!

Сұхбаттасқан
Захра ӘНУАРҚЫЗЫ

БӘРІНЕ ОРТАҚ **ЖУРНАЛИСТИКА**

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ДИНАРА БҮРКІТБЕКОВА «НЕЛІКТЕН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ» ДЕГЕН САУАЛҒА ЖАУАП ІЗДЕП, ӨЗ ОЙЫН ОРТАҒА САЛДЫ.

НЕЛІКТЕН БАЛАЛАР БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ӨЗІНДЕ ОҚУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ?



Фото: ашық дереккөз

ҚАЗІРГІ ТАҢДА АТА-АНАЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ ПЕН УАҚЫТ ТАПШЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БАЛАНЫҢ ДАМУЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТЕРДІ БАРЫНША МАМАНДАРҒА ЖҮКТЕУГЕ ТЫРЫСАДЫ. БАЛАЛАР ТҮРЛІ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНА, МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫНА ЖӘНЕ ҰЗАРТЫЛҒАН КҮН ТОПТАРЫНА БАРАДЫ. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҮМІТІ МЕН ТАЛАБЫ КӨБІНЕ МҰҒАЛІМГЕ БАҒЫТТАЛАДЫ. АЛ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАМЕН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ АЙНАЛЫСУҒА, ОНЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУҒА АТА-АНАНЫҢ УАҚЫТЫ КӨБІНЕ ЖЕТЕ БЕРМЕЙДІ.

«KROSHKINCLUB» БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ, ЛОГОПЕД, ЖЫЛДАМ ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУ МАМАНЫ МӘДИНА АРЫСБАЕВА АТА-АНАЛАРДЫ ТОЛҒАНДЫРАТЫН САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.

– Соңғы бірнеше жылмен салыстырғанда, бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардың бойында және ата-аналардың талап-тілегінде қандай өзгерістер бар?

– Қазір ата-аналардың балаға қоятын талабы артты. Олар баласының өз жасына сай көптеген дағдыларды меңгеріп, бәрін бірдей істей алғанын қалайды. Алайда кейде баланың жас ерекшеліктері мен физиологиялық мүмкіндіктері ескеріле бермейді. Баланың кейбір әрекеттерді орындауға шамасы жетпейді. Өйткені оның миындағы белгілі бір құрылымдар толық қалыптасып үлгермеген. Сондықтан ата-аналар біздің орталыққа келгенде, ең алдымен, баланың жас ерекшеліктерін түсіндіреміз. Оның осы жаста нені білуі, нені меңгеруі керектігін айтамыз. Бұл тек математика мен сөйлеу тілін дамытуға ғана емес, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысына да қатысты.

Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда, балалардың сөйлеу деңгейі төмен. Ертеректе балалар сурет бойынша әңгіме құрастырып, оны сипаттап, өз ойын жеткізе алатын. Қазір көп бала мұны орындай алмайды. Себебі сөздік қоры аз, заттар мен құбылыстарды сипаттау дағдысы жеткілікті дамымаған. Кейбір балалар «р» дыбысын дұрыс айта алмайды, енді біреулері жекелеген дыбыстарды анық дыбыстай алмайды.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысы әлсіреген. Бұрын балабақшада балаларды төсегін жинауға, киініп-шешінуге, аяқ киімінің бауын байлауға, серуенге өздігінен дайындалуға үйретететін. Қазір тіпті ересектеу балаларға да «мынаны ки», «ананы істе» деп қайта-қайта ескертіп отыруға тура келеді.

Сонымен қатар, балалардың математикаға бейімділігі сөйлеу тілін дамытуға қарағанда басымырақ екені байқалады. Көпшілігі санауды және математикалық амалдарды орындауды тез меңгереді. Ал оқуға, оқығанын мазмұндап беруге келгенде қиналатындары бар.

– Баланың мектепке оңай бейімделуіне қандай дағдылар көмектеседі?

– Құрдастарымен қарым-қатынас жасай білуі, бір іске зейін қойып, белгілі бір уақыт бойы отыра алуы, мектепке дайын болуы, математикалық түсініктерді меңгеруі, оқи және жаза білуі баланың мектепке бейімделуіне көмектеседі. Бала оқи алса, мектепке үйренісуі де жеңілірек болады. Ол өзін сенімдірек сезініп, бір нәрсені білмей қаламын деп қысылмайды.

Алайда мектепке дайындық дегеніміз – әріптерді, сандарды танып, жазуды үйренумен ғана шектелмейді. Ең бастысы – бірінші сынып оқушысы мектепте күнделікті кездесетін қарапайым жағдайларды өздігінен шеше алуы керек.

Мысалы, бала күртесін өзі түймелеп, аяқ киімін ауыстырып, дене шынықтыру сабағына арналған киімін өзі киіп, сабақтан кейін қайтадан мектеп формасын киюі қажет. Сабақ аяқталған соң, заттарын жинай білуі де маңызды. Ол өз бұйымдарына жауапкершілікпен қарап, пеналын сөмкесіне салып, кітаптарын реттеп, дәптерлерін алған-алмағанын тексеріп, партасында немесе шкафында ештеңе қалып қоймағанына көз жеткізе алуы керек.

Сондай-ақ су құтысын немесе тамақ салынған ыдысты өздігінен аша білуі, асханада бағдар табуы, сыныптастарынан қалып қоймауы, мұғалімнің жанында жүруі және қандай да бір қиындық туындаса, ересек адамнан көмек сұрай алуы маңызды.

Аяқ киім бауын байлау мәселесіне де ерекше тоқталған жөн. Бұл – бірінші сынып оқушылары үшін жиі кездесетін қиындықтың бірі. Сондықтан баусыз аяқ киім сатып алған дұрыс немесе баланы


Фото: ашық дереккөз

мектепке бармай тұрып, аяқ киімінің бауын байлауға үйреткен жөн.

Бұған қоса, бала уақыт ұғымын түсініп, сағатты пайдалана білуі керек. Оны қай уақытта жиналып, қашан шығу керектігін өздігінен бағдарлауға біртіндеп дағдыландыруға болады. Мысалы, бұл үшін оятқышты немесе күнтізбені пайдалануға үйреткен тиімді.

Тұрмыстық дербестікпен қатар, жазу, оқу және математика дағдылары да маңызды. Бала қаламды дұрыс ұстап, қайшымен жұмыс істей білуі, геометриялық пішіндерді ажыратуы, үлгі бойынша қиып үйренуі қажет. Сондай-ақ санауды меңгеріп, шамамен 30–35 минут бойы бір тапсырмамен айналыса алуы, оқығанын мазмұндап беруі және қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерге ие болуы керек.

Мектепке психологиялық тұрғыдан дайын болу да аса маңызды. Бала мектепке не үшін баратынын, яғни білім алу үшін баратындығын түсінуі қажет.

– Бірінші сыныпқа баратын баланың ата-анасына қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, баланы қосымша сабақтармен шамадан тыс жүктемеуге кеңес берер едім. Қазір көптеген бала бір мезгілде жүзуге, күреске, музыка мектебіне және басқа да үйірмелерге қатысады. Мұның бәрі балаға ауырлық түсіреді.

Бізге бірінші сыныптың оқу үдерісі жеңіл болып көрінуі мүмкін. Алайда алты жастағы бала үшін мектепке бару, жаңа ортаға бейімделу және оқу талаптарын орындау – өте күрделі кезең. Сондықтан ата-аналар баланың жағдайын, көңіл күйін және шаршау деңгейін үнемі ескеріп отыруы қажет.

Сонымен бірге мектепте үй тапсырмасы берілмейді екен деп, үйде баламен мүлде айналыспауға болмайды. Баламен бірге кітап оқып, жазу жаттығуларын орындап, дамытушы ойындар ойнаған жөн.


Ең бастысы – ата-аналар баланың орнына бәрін өздері істеп бермеуі керек. Қазір көпшілік ата-ана уақыт үнемдеу үшін немесе шыдамсыздық танытып, баланың жұмысын өзі тындыра салады. Бірақ баланың дербестік дағдылары мектеп жасына дейін қалыптасуы қажет.

Бала күніне үш-төрт сағатын дамыту орталығында, қалған уақытын ата-анасымен бірге өткізеді. Демек оның дамуына ата-анасы да атсалысуы керек. Баланың жан-жақты дамуы үшін тек орталықтағы сабақтар жеткіліксіз. Үйде де жүйелі түрде жұмыс жүргізген дұрыс.

Мектепке дайындықты үй салумен салыстыруға болады. Егер бала кішкентайынан балабақшаға барып, дамыту орталығында түрлі дағдыларды меңгеріп, үнемі дамып отырса, әрбір үйренген дағдысы бір-бірімен сабақтасып, берік іргетас қалыптасады. Ал қандай да бір дағдылардың дамуы назардан тыс қалса, оның салдары бастауыш мектеп жасында да байқалады.

Сондықтан ата-аналар баласының көп оқып, әдемі жазуына ғана мән бермей, оның өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік жасауы керек. Баланы шамадан тыс жүктемей, үйде де онымен тұрақты түрде айналысып, жан-жақты дамуына жағдай жасағаны маңызды.

– Сұхбатыңызға рақмет!



Динара БҮРКІТБЕКОВА

БӘРІНЕ ОРТАҚ **ЖУРНАЛИСТИКА**

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ГҮЛХАЯ БАБАХАНҚЫЗЫ АДАМДАРДЫҢ БІР-БІРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАЙДЫ.



Фото: ЖИ

АДАМ НЕГЕ ӨЗІНЕ ҰНАМАЙТЫН АДАМДАРҒА ТАРТЫЛАДЫ?

Кейде адам өзін ренжітетін, мінезі ұнамайтын немесе қарым-қатынаста жайсыздық тудыратын адамнан алыстаудың орнына, керісінше, оған қайта-қайта «тартыла» береді. Сырт көзге бұл түсініксіз көрінуі мүмкін. Алайда психологияда мұндай құбылыстың бірнеше ықтимал түсіндірмесі бар.

Соның бірі – таныстық әсері. Адам психикасы өзіне бұрыннан таныс мінез-құлық үлгілерін қауіпсіз әрі болжамды деп қабылдауға бейім. Егер бала кезінен қарым-қатынаста салқындық, қаталдық немесе үнемі мақұлдауға ұмтылу қалыпты жағдай ретінде қабылданса, есейген кезде де осыған ұқсас адамдар назар аудартуы мүмкін. Бұл адамның әдейі қиын қарым-қатынасты таңдағанын білдірмейді. Көбіне таныс эмоциялық үлгі саналы түрде байқалмайды.

Тағы бір себеп – қолжетімсіз нәрсенің құнды болып көрінуі. Бір адам бізге жеткілікті көңіл бөлмесе немесе оның ықыласын алу қиын болса, оны «жеңу» қажеттілігі пайда болуы мүмкін. Соның нәтижесінде адам қарсы жақтың өзін емес, оның мойындауын алуға көбірек ұмтылады. Мұндай жағдайда қызығушылық пен шынайы жақындықты ажырату қиынға соғуы мүмкін.

Қарама-қайшы эмоциялар да тартымдылықты күшейте алады. Бірде жылы қарым-қатынас көрсетіп, кейін кенет салқындау адамның келесі жағымды сәтті күтуіне себеп болады. Белгісіздік адамның назарын күшейтіп, қарым-қатынасты шын мәнінде маңыздырақ етіп көрсетуі ықтимал.

Сонымен қатар кей жағдайда адам басқа біреудің бойынан өзінде жоқ қасиеттерді көреді. Мысалы, тым сабырлы адам батыл әрі тәуекелшіл адамға қызығуы мүмкін. Бірақ бастапқыда тартымды көрінген ерекшелік кейінгі қарым-қатынаста ұнамсыз қасиетке айналуы да мүмкін.

Өзін-өзі бағалаудың деңгейі де маңызды рөл атқарады. Егер адам өз құндылығына күмәнданса, оған құрметпен қарайтын адамдардың қарым-қатынасы әдеттен тыс болып көрінуі мүмкін. Ал үнемі дәлелдеуді, күресуді немесе мақұлдау іздеуді талап ететін байланыстар керісінше таныс сезіледі.

Дегенмен күшті эмоциялық тартылысты үйлесімді қарым-қатынастың белгісі деп қабылдауға болмайды. Салауатты қарым-қатынастың маңызды көрсеткіштері – өзара құрмет, сенім, қауіпсіздік, ашық коммуникация және жеке шекараларды сақтау.

Сондықтан «мен бұл адамды неге ұнатамын?» деген сұрақпен қатар «оның жанында өзімді қалай сезінемін?» деген сұрақты да қою маңызды. Кейде біз адамның өзіне емес, оның бізде тудырған эмоциясына, таныс қарым-қатынас үлгісіне немесе одан алғымыз келген мойындауға байланып қаламыз. Осы айырмашылықты түсіну адамның өз таңдауын саналы түрде бағалауына мүмкіндік береді.

Гүлхая БАБАХАНҚЫЗЫ

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ҚҰЛАГЕР» КІТАПХАНАСЫНДА «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ – РЕСПУБЛИКА» АТТЫ ПАТРИОТТЫҚ САҒАТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ОТАНСҮЙГІШТІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ, АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫН ТЕРЕҢІНЕН ҰҒЫНДЫРУ.



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ



Тағылымды кездесуге ақын, сазгер, «Қос күрең» кітабының авторы Жанболат Құрман арнайы қонақ ретінде қатысты. Кездесу барысында қаламгер өзінің шығармашылық жолы туралы әңгімелеп, Отанға деген сүйіспеншілік, ел бірлігі мен тәуелсіздіктің қадір-қасиеті жөніндегі ой-толғамдарымен бөлісті. Сондай-ақ патриоттық поэзия мен ән өнерінің жас ұрпақтың рухани тәрбиесіндегі орнына тоқталып, ұлттық рухты нығайтудағы әдебиет пен өнердің маңызын атап өтті.

Іс-шараның көркемдік мазмұнын Жетісу ауданындағы №9 Оқушылар үйінің жас өнерпаздары толықтырды. Олар патриоттық тақырыптағы өлеңдерін оқып, көрермендерге мерекелік көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар Савельева Милиссента «Қазақстан» әнін орындап, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды. Азаматтық авиация академиясының студенттері де кездесуге қатысып, мерекелік басқосудың мазмұнын байыта түсті.

Патриоттық сағат барысында Республика күнінің ел тарихындағы орны, мемлекеттілікті нығайтудағы маңызы және тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін жас ұрпақтың жауапкершілігі кеңінен дәріптелді. Осындай рухани-танымдық іс-шаралар жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және туған елге деген құрметін арттыруға ықпал етеді.

«Құлагер» кітапханасында өткен мерекелік кездесу елдік пен бірлікті, отансүйгіштік пен ұлттық рухты ұлықтаған тағылымды шара ретінде өз мәресіне жетті.

Динара БҮРКІТБЕКОВА
Суреттерді ұсынған автор

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші
Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: **«Аманат Медиа» ЖШС**
Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)